

Мақала

FTAMP 16.01.09

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-89-99>**А. Мурсал¹, Б.М. Айтбаева², А.Б. Ермакова³**¹автор-корреспондент, докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aigerimmursal@mail.ru²филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: beibarays@mail.ru³магистр, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Қазақстан, Орал қ., e-mail: aminaamir80@mail.ru

ЕСКІ КІТАБИ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ КӨРКЕМ ӘДЕБИ ТІЛІНДЕГІ СЕМАНТИКАСЫ (жазушы Қажықұмар Шабданұлының «Пана» романы бойынша)

Андатпа. Мақалада қазақ тіліндегі ескі кітаби сөздер туралы ғалымдардың ғылыми тұжырымдары талданады, ескі кітаби сөздердің қазіргі көркем әдеби стильде қолдану ерекшелігі мен қазіргі заман жазушылары тіліндегі қолданысымен салыстырылады. Зерттеу материалы ретінде Қытай мемлекетіндегі қазақ жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі – жазушы Қажықұмар Шабданұлының «Пана» романы алынды. Аталмыш шығарманы лингвистикалық тұрғыда зерттеу барысында Қ. Шабданұлының шығармасы мен халық ауыз әдебиетіндегі қисса-дастандар, магиялық фольклорлар, жыраулар поэзиясы, сондай-ақ халық ән-өлеңдері мәтіндерімен салыстырылып, ескі кітаби сөздердің функционалды қолдану ерекшеліктері және себебі анықталды.

Талдау барысында халық ауыз әдебиеті мен жазушы шығармасындағы ескі кітаби сөздерді салыстырмалы-тарихи әдіспен, ішінара сөздердің түбірі мен мағынасын ажыратқанда морфемдік және семантикалық талдауға жүгінілді. Ғалымдардың ескі кітаби сөздерге байланысты ғылыми тұжырымдары жүйелеу, топтау, талдау, сипаттау тәсілдері арқылы көрсетілді.

Нәтижесінде Қ. Шабданұлының «Пана» романы мақалаға өзек болып отырған ескі кітаби сөздерге өте бай екендігі және автор оларды сол замандағы тарихи шындықты бейнелеудің құралы ретінде пайдаланғандығы анықталды.

Тірек сөздер: ескі кітаби сөздер, халық ауыз әдебиеті, көркем әдеби стиль, жаңғырған сөздер, роман.

А. Мурсал¹, Б.М. Айтбаева², А.Б. Ермакова³¹автор-корреспондент, докторант, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы, e-mail: aigerimmursal@mail.ru²кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: beibarays@mail.ru³магистр, Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, Казахстан, г. Уральск, e-mail: aminaamir80@mail.ru

СЕМАНТИКА СТАРОКНИЖНЫХ СЛОВ В СОВРЕМЕННОМ ХУДОЖЕСТВЕННОМ ЛИТЕРАТУРНОМ ЯЗЫКЕ (по роману писателя Кажықұмара Шабданұлы «Пана»)

Аннотация. В данной статье анализируются научные выводы ученых о старокнижных словах в казахском языке, сравнивается специфика употребления слов в старокнижных словах в современном художественном литературном стиле и её использование в языке современных писателей. Материалом исследования послужил роман «Пана» (Убежище) Кажықұмара Шабданұлы, одного из основоположников казахской письменной литературы в Китае. В ходе лингвистического анализа данного произведения было осуществлено сопоставление текста работы К. Шабданұлы с коссой-саги, магическим фольклором, поэзией жырау, а также народными песнями и стихами. Это позволило выявить особенности и причины функционального употребления старокнижных слов.

В ходе исследования использовался морфемно-семантический анализ, который включал выделение корня и значения слов с помощью сравнительно-исторического метода. Этот метод применялся для изучения старокнижных слов как в устной традиции, так и в произведениях писателя. Научные выводы ученых, связанные со старокнижными словами, были продемонстрированы методами систематизации, группировки, анализа, описания.

В результате выяснилось, что роман К. Шабданұлы «Пана» насыщен старокнижными словами, которые стали основой статьи, и что автор использовал их как средство отражения исторической действительности того времени.

Ключевые слова: старокнижные слова, устная народная литература, художественный литературный стиль, возрожденные слова, роман.

A. Mursal¹, B. Aitbayeva², A. Yermekova³

¹Corresponding author, Doctoral student, Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, e-mail: aigerimmursal@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, docent, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: beibarys@mail.ru

³Master, Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian Technical University, Kazakhstan, Uralsk, e-mail: aminaamir80@mail.ru

THE SEMANTICS OF OLD-BOOK WORDS IN THE MODERN LITERARY LANGUAGE (based on the novel by writer Qazhyqumar Shabdanuly “Pana”)

Abstract. This article analyzes the scientific findings on archaic words in Kazakh language, identifying trends in their use in contemporary literary style, which suggests the potential for the revival of Kazakh oral literature and the language of modern writers. The research material is the novel "Pana (Refuge)" by Qazhyqumar Shabdanuly, one of the founders of Kazakh written literature in China. In the course of linguistic analysis, Shabdanuly's text was compared with the kissa-saga, magical folklore, zhyrau poetry, as well as folk songs and poems. This allowed for the identification of the features and reasons for the functional use of archaic words.

During the study the morphemic-semantic analysis was used, which included identifying the root and meaning of words using the comparative-historical method. This method was applied to the study of archaic words both in oral tradition and in the works of the writer. Scientific conclusions related to archaic words were expressed through the methods of systematization, grouping, analysis, description.

As a result, it turned out that Q. Shabdanuly's novel “Pana” is very rich in archaic words, which are the basis of the article, and the author used them as a means of reflecting the historical reality of that time.

Keywords: archaic words, oral folk literature, literary style, revived words, novel.

Кіріспе

Ескі кітаби сөздер, қазақ тілінің лексикасында өз орнын тауып, тіл тарихымен, ұлт тарихымен байланысты оқиғаларды сипаттауда аса маңызды болып табылатын атаулар екені белгілі. Көркем шығармада бұндай сөздерді қолдану, сол қоғамның белгілі бір кезеңдегі тарихи шындығын танытады. Сонымен бірге ескі кітаби сөздер автордың кейіпкер бейнесін, сол ортаны жан-жақты түсінуге жұмсалады, өйткені тұтас көркем ой жасау үшін ескі кітаби сөздердің қосатын үлесі зор. Тілін ұмытқан халық, ұлт ретіндегі болмысынан айырылады. Ескі кітаби сөздердің көркем әдеби стильде қарастырудың маңыздылығы тілдегі құндылықтарды жаңғыртып, адамдардың танымдық сапасын дамытып, рухани өмірін кеңейтіп ұлттық тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Ұлттың рухани өміріне елеулі үлес қосатын ескі кітаби сөздерді зерттеу жұмысымыздың маңызды міндеті. Себебі тіл – әдебиеттің бірінші элементі. Әдеби тілдің даму бағыттарын саралап, ескі кітаби сөздердің қолданысын зерделеу арқылы жұмысымыздың нәтижесіне жете аламыз. Ал ескі кітаби сөздердің астарында этнографиялық этюдтер мен очерктер, этнофразеологизмдер жататындығын Р. Сыздық, Н. Уәли, Г. Смағұлова сынды ғалымдар өз зерттеулерінде сан алуан тілдік, этнографиялық, танымдық мәліметтер бере отырып, дәлелдеп, уәждерін келтірді.

Халық өмірінің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуымен тілде өзгеріске ұшырап, жаңа сөздер пайда болады. Сонымен бірге бұрыннан қолданылып келе жатқан сөздер қолданыстан шығып қалады. Кейіннен сол сөздер лексикамызға қайта оралып, жаңғыра бастайды. Тілдің сөздік құрамының өзгеруі тілде бұрын болмаған жаңа сөздердің пайда болуына да, оның құрамындағы көнерген сөздердің жойылып кетуіне де байланысты (Сыздық, 2009). Бұл процестер тілдің сөздік құрамының пайда болуына үлкен әсер етіп, оның үнемі жетіліп отырғанын көрсетеді.

Сөздің «ескіруі» қоғам өмірімен тікелей байланысты. Тілдегі жаңа сөздер мен сөз мағыналарының бірігуі де, көнерген лексемалардың тілден жойылуы да ұзақ уақытқа созылатын процесс болғандықтан, кез келген тілдің сөздік құрамында екі сөз қабаты әрқашан қатар жүреді: белсенді және пассивті. Тілдің белсенді сөздік құрамы қоғамдағы қарым-қатынаста күнделікті қолданылатын лексикадан тұрады (Белоусова, 1990: 540).

Тілдің пассивті лексикасы күнделікті қарым-қатынаста сирек қолданылатын, ана тілінде сөйлейтіндерге әрқашан түсінікті бола бермейтін сөздерден, атап айтқанда, ескірген сөздерден,

неологизмдерден, сондай-ақ қолданылуы шектелген сөздерден тұрады. Тіл дамуының әрбір кезеңі белсенді және енжар сөздіктің белгілі бір арақатынасымен сипатталады. Пассивті және белсенді лексика арасындағы шекара тұрақсыз болып келеді. Себебі қоғамда болып жатқан өзгерістер тілде бірден көрінеді. Әдетте, тілдің пассивті сөздік құрамына екі сөз қабаты кіреді:

1) қазіргі тілден жойылып кеткен сөздер (бұрын қолданылған, қазір қолданыста жоқ сөздер);

2) тілде бұрын пайда болып, белгілі уақыт аралығында қолданыстан шыққан, кейін қайтадан жаңғырған сөздер (Сыздық, 2004). Зерттеуімізде біз жаңғырған сөз қабатына ерекше назар аударып, көнерген сөздердің жазушылар шығармасында қолдануының мақсаты мен себептерін байланыстыра зерттейтін боламыз.

Ғалым Ж. Манкеева ескі кітаби сөздер турасында: «Көне тамырлы этнолексика – ұлттың этномәдениеті, тарихы, сонымен қатар көне тілдік шығармашылықты айқындайтын баға жетпес «ақпарат көзі»» (Манкеева, 1997: 263), – деп жазады.

Кейбір ескі кітаби сөздердің белсенді лексикаға қайта оралуы, әдеби тілде қолдануымен анықталады (Жұмақаева, 2019). Ескі кітаби сөздердің қайта жаңғыруы көркем әдебиет стилінде жиі кездеседі.

Ескі кітаби сөздер – қандай да бір себептермен қазіргі сөйлеу тілінде қолданылмайтын сөздер. Ескі кітаби сөздер тобына, біріншіден, әртүрлі заттар, шен атаулары, тұрмыстық бұйымдар т.б. ұғымдарымен қатар көнерген сөздер, мысалы, бұрынғы әкімшілік-сайлау органдарының атаулары, сондай-ақ олардың мүшелері, атаулары жатады (Хамитова, 2016).

Жаңғырған сөздер – тілде бұрында қолданыста болып белгілі бір уақыт аралығында қолданыстан шыққан, кейін қайта тілдік лексикада көрініс тауып мағыналы бірлік ретінде қолданылып жүрген сөздер. Бұл сөздер қазірде бес стиль бойынша қолданысқа енгеннен кейін олар жалпыға белгілі болып, ескі кітаби сөз ретінде танылуын тоқтатады да белсенді тіл лексикасына ене бастайды. Қазіргі қазақ тілінде ескі кітаби сөздер көбінесе жазушылардың тілдік қолданысында кездесе бастады.

Жоғарыда айтылғандай, ескі кітаби сөздерді әдетте тілде сирек қолданылуына байланысты пассивті лексикаға өте бастаған сөздер деп атайды. Сөздердің белсенді қордан пассивке ауысу процесі ұзақ және біртіндеп жүреді. Мұндай ауысудың басты себептері қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен, сонымен қатар әртүрлі лингвистикалық заңдылықтарға байланысты болуы мүмкін.

Материал және әдістер

Зерттеудің материалдары ретінде Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты құрастырған «Бабалар сөзі» жүз томдығы, Қажықұмар Шабданұлының «Пана» романы қарастырылды. Жалпы тіл біліміндегі ескі кітаби сөздерге қатысты анықтамалар бойынша іргелі тұжырымдар іріктеліп, тілді зерттеудің салыстырмалы мүмкіндіктері негізделді. Осы мақсатта тілтанымдық теориялық зерттеу әдістері пайдаланылды.

Зерттеу барысында Шабданұлы шығармасында қолданған ескі кітаби сөздер мен халық ауыз әдебиетінде табылған ескі кітаби сөздерді тілдік тұрғыдан талдағанда негізінен салыстырмалы, салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Жекелеген сөздердің түбірі мен мағынасы ажыратылғанда морфемдік және семантикалық талдауға жүгіндік. Ғалымдардың ескі кітаби сөздерге байланысты ғылыми тұжырымдары: жүйелеу, топтау, талдау, сипаттау тәсілдері арқылы көрсетілді.

Әдебиетке шолу

Ескірген лексикалық бірлік мәселесі үлкен уақыт кезеңін қамтиды. Дегенмен тіл мамандары арасында оған деген қызығушылықтың артуы ХХ ғасырдың 50-жылдарынан басталды. Ескі кітаби сөздер халық тілінің тарихымен байланысты. Ескі кітаби сөздерді зерттеумен айналысқан ғалымдар: Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, О. Досқараев, К. Аханов, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов еңбектеріндегі қазақ сөздерінің көнеруіне қатысты жазылған көптеген құнды ой-тұжырымдар мен ғылыми мәнін жоғалтпаған пікірлердің орнын ерекше атап өткіміз келеді.

Тілші ғалым Г. Мамырбекова өз зерттеуінде былай дейді: «Кітаби тілге» жатқызылған

шығармалар тілінде қазақ тілінің арғы тарихи дамуын көрсететін құрылымдық жүйе сақталған. Көне, орта түркі дәуіріндегі ортақ түркілік элементтердің ұлттар тіліне ыдырағаннан кейінгі кезеңдердегі «қазақы» болмысын бізге жеткізіп, ұлттық жазба тілдің қалыптасуына кең жол ашқандықтан «кітаби тілге» жататын жазбаларды «ескі қазақ жазба тілі» үлгілері деп тануымыз қажет. Қазіргі әдеби тіліміздің қазыналық сөздік қорын барынша молайтқан да осы дүниелер» (Мамырбекова, 2022). Бұндай ескі кітаби зерттеудің қажеттілігі – ұлттық сөз өнері мұраларын терең тануға, бағалауға жетелейді (Әбілқасымов, 1982: 121-123). Г. Мамырбекова ескі кітаби сөздер XIX ғасырдың екінші жартысындағы діни және лирикалық дастандарда көбірек кездеседі дейді (Мамырбек, 2010: 17). Ескі кітаби сөздерді зерттегенде тарихы терең «Бабалар сөзінің» жүз томдығы есімізге түседі. «Бабалар сөзіне» қазақ халқының ертеден келе жатқан хикаялық дастандар, діни дастандар, батырлық жырлар, ғашықтық жырлар, қаһармандық дастандар, айтыстар, нақыл-өсиет өлеңдер толығымен енген. Ескі кітаби сөздерді тамыры терең «Бабалар сөзінен» іздейтініміз содан. Халық ауыз әдебиетінде кездесетін ескі кітаби сөздердің Қажықұмар Шабданұлы шығармасынан көптеп табылуы біздің «Бабалар сөзі» мен Шабданұлы шығармасын салыстыра зерттеуімізге негіз болды.

Қ. Шабданұлы Қытайдағы қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Оның өмірінің көп жылы Қытай түрмесінде өтті. Ол қазақ әдебиетіне ерекше туындылар әкелді. Қытай үкіметі оның түрмеде жазған туындылары: «Қылмыс», «Пана» романдарын қазақ халқына оқытпау мақсатында өртеді, компескіледі, жазушыға жалған айып тағып, соттады.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ тілінің сөздік құрамының көнерген қабатын құрайтын көнерген сөздер – күрделі де көп қабатты жүйе. Бұл олардың: а) ескіру дәрежесіне, ә) архаизациялану негіздеріне; б) оларды пайдалану мүмкіндігіне байланысты болады. Оларға мыналар жатады:

1) қазақ тілінен мүлдем жойылып кеткен сөздер. Қазақ тіліндегі жазба ескерткіштерден ғана табылатын сөздер;

2) тілде дербес лексикалық бірлік ретінде кездеспейтін, бірақ кейбір сөздердің түбір бөліктері ретінде сақталған сөздер;

3) белгілі уақыт аралығында тілден дербес лексикалық бірлік ретінде жойылып, бірақ қайтадан жаңғырған сөздер.


Ескі кітаби сөздер көбіне тарихи шығармаларда негізгі элемент қызметін атқарады. Сондықтан, жазушы Қажықұмар Шабданұлының «Пана» романының лексикалық қабаты көнерген сөздерге өте бай. Бірақ бұлардың қолдану жиілігі бірдей емес. Жазушының көркем шығармасында ескі кітаби сөздерді көбірек пайдалануының мақсаты да көне сөздерді белсенді сөздік қабатқа қайтадан енгізу болар. Шығармадағы ескі кітаби сөздерді *көнерген сөздер, араб-парсы сөздері, діни сөздер* деп топтастырдық:

1) көнерген сөздер: *итарқа, текемет, кісен, егеу, жендет, үкірдай, қақсал, сайлауыт, бүбі, дәуперім, әбеу жылан, сегіз қанат ақ күмбез, тақсыр, сырмақ, мосқал, адуын, саркідір, қатира, құмған, әулие, нәубет, мәнпағат, гаділет, кәрлену, бұғақ, бұдырмақ, қамажсау, кебіс, мәсі, камзол, камшат бөрік, шапан, ханым, құл, ханеке, құбыжық, дағуа, хан, төре, би, қандыбалақ, шонжар, қауқар, саңлақ, шіріткі, кепкеуде, ұртбикеш, жәрмес, сауын, үкірдай, сарбаз, шабарман, машайық, тәйжі, зұрған, зәңгі, елубасы, желемік, дағалдық, әпербақан, сыбырлақ, көмпіс, барымта, зәбір, керезу, зобалаң, тоғанақ, шақай, шом, мөр, мыстан, жалмауыз, тажал, кендір, керуен, баспақ, сойыл, шалма, қиямпұрыс, айдаһар, алакеуім, шекпен, шұғанақ, тұлып, кебеже, тымақ, тақия, кәзекей* т.б.;

2) араб-парсы сөздері: *пәнда, пәшәна, жұдә, дерхал, хазірет, рәмат, әпенді, мәузін, жәм, нашіпұт, низам* т.б.;

3) діни сөздер: *жаһан (тозақ), иллахи, пайгампар, пәтуа, әлхамдуллахи, сүре, күнә, мұхим, күнәһар, неках, рассулулла, хадис, мәзлүм, дұға, аят, мұнафих, астағпиралла, шаригат, әзәзіл, уәсуас, Әссабыр рахман, бисабыр шайтан, уайлен оты, пері, әпжемір, жың* т.б.

Төменде Қ. Шабданұлы шығармасындағы ескі кітаби сөздерді қолдану диаграммасы көрсетілген.



1-сурет – Қ. Шабданұлының «Пана» романындағы ескі кітаби сөздер

Талдау барысында диаграммадан үш топтағы сөздердің ішінде көнерген сөздердің көптігі байқалады. Бұдан көптеген лексиканың пассив қабаты қатарындағы көнерген сөздердің Шабданұлының жоғарыда аталған шығармасының көркемдік әсерін молайтқандығын көруге болады. Бұнымен қоса екі немесе одан да көп сөзден құралған, сөз тіркестерінің бір компоненті ескі кітаби сөзден тұратын сөз тіркестері: *ожар мінез, кәззап молда, қара нөпір, көні жібімей кендірі кесілу, бұйығып ұйқылы-ояу жатқандай, бейпіл ауыз, аруағы аспандау, тақымына қыл бұрау салу, құрғақ тіл емізу, бүріп жіберу, шермие қарау, қара халыққа көршіл болмау, жәмек шалды жәмпірейту, сөз сырына сұңғыла болу, аруақ күңірену, қарны мен өкпесін сықап кептеген ашу, қара жамбымен жағдай ұқтыру, күбір-сыбыр кеулеу, шыттай киіну, үр жаңа үй, кіл жаңа жасау, жөндем біреу, сестесіп сөйлесу, тайлы-таяғы қалмай сабылу, жүрісін қузай жөнелу, бақыр күң, үш тоғыз айып, өлез жесір, оба ұрттау, қалы кілем, темір кіреует, дәуіт қалам* т.б сөз тіркестері бар.

Біз *ожар мінез, кәззап молда, қара нөпір, көні жібімей кендірі кесілу, бұйығып ұйқылы-ояу жатқандай, бейпіл ауыз, аруағы аспандау, тақымына қыл бұрау салу, құрғақ тіл емізу* сынды сөздер мен сөз тіркестерінің қолданысын «Бабалар сөзі» мен Шабданұлы шығармасымен салыстырып мағыналарында айырмашылық бар-жоқтығын талдадық.

Шабданұлы өз романдарында көбінесе күрделі көркемдік мәселені шешеді. «Пана» романында автор Зуканың ерлігі мен шешендігін нанымды бейнелейді. Автор романдағы кейіпкерлердің тілі арқылы сол дәуірді шынайы суреттейді. Сондай-ақ тілдік қолданыстарында көнерген сөздерді көп қолданады. Көркем шығарманың өзі, белгілі бір дәуірдің жемісі. Онда сол кезеңнің келбеті мен шындығын жария ететін сыр жатады. Шығармада ескірген лексиканы автордың қолдануының басты себебі, шығарманың хронотобына да байланысты болса керек. Бұл шығарма 1882-1928 жылдар арасындағы Зука батырдың ел басына күн туғанда қалың қазақтың басын қосып, асырап баққанын баяндағандықтан сол кезеңдерді сипаттайтын сөздік детальдар шығарманың көркемдік қуатын күшейтіп тұр. Енді зерттеуіміздің нысанына айналған «Пана» романында анықталған ескірген тілдік бірліктерге тоқталайық.

Ожар – дөрекі, ұрда-жық. «Бабалар сөзінің» 48-томында:

Мына сөзді Құрбанкүл қыз ескерді,

Мінезі ожар әкесінен сескенді (Ғират жайы, Көрұғлының Райхан арабпен соғысы) – деген өлең жолдарында «мінезі ожар» деген сөз тіркесі кездеседі. Мәтінде аталған сөз өз мағынасында жұмсалып тұр. Бұдан бөлек М. Әуезовтың шығармасында: Дүйсен – Жігітек руынан шыққан адам. Абайдың үстінен жалған арыз жазып, ақынды 8 жыл бойы сергелдеңге салған. Ол өзі ұрлық жасағанымен тұрмай, пәлекор, *ожар* мінезді, ақылсыздау адам болған (Әуезов, 1989: 112).

Шабданұлының шығармасында: Кезіндегі Орта Азияның атақты исләм медресесінен түгел көрген оқымысты әкенің тәрбиесінен бүтіндей басқаша, өрескел зұлымдық, *ожар мінез* көрініпті (Шабданұлы, 2004: 27). Бабалар сөзінің 48-томында кездескен *ожар* сөзі мен М. Әуезов шығармасындағы, Қажықұмар Шабданұлының «Пана» романында келтірілген *ожар* сөзі де

сөйлемде сын есімдік мағынада жұмсалып тұр. *Ожар* сөзімен мағыналас сөз ретінде *оспадар, ұрда-жық, әпербақан, кеудемсоқ, кеңкелес* сөздері де қолданылады. Алды-артына қарамайтын, өрескел мінезді адамдарға қаратыла айтылатын бұл сөздің жазушы шығармасында көрініс табуы мінезі шатақ адамдарды үстінен дөп түсе суреттеуден болса керек. Жазушының көркем ойының желісімен жасалған мінезден дәл де нақты, айқын да әсерлі ұрда-жық мінезді адамды көз алдымызға елестете аламыз.

Кәззап молда. Парсы тілінен алынған. Өтірікші, алдамшы деген мағынада. Бұдан бөлек Ауған, Иран тілдерінде имансыз деген мағына береді. Мәшһүр – Жүсіп қолжазбаларындағы ислам мәдениет туралы жазылған 1-томында: Жалғаншы, ұры, *кәззап*, мұнафиқпын, Дұға қыл, жә, пайғамбар, бұл күн маңа (Жүсіп, 2003: 36) – деген текстте өтірікші, алдамшы деген мағынаны білдіреді.

Шабданұлы шығармасында: – Осымен қорқытып құтылып, құйрығыңды қайтып ұстатпай кетпексің ғой, *кәззап молда!* ... Қикақтауың жетті, енді қия баса алмайсың, өз ықтиярыңмен жөнге кел. Жөңге келмесең жондалғаның осы. Ана төренді де, төрт биді де осында келтіріп үкімінді осы үйде шығартамын (Шабданұлы, 2004: 88). Р. Игіліктің мақаласында: Мұнысын көзіне түскенін іліп түсетін бауқеспеліктің мектебінен баяғыда өтіп кетіп, қулығына құрық бойламайтын кәнігі *кәззаптықтың құжырасына барып* қонжиып қалған Мұхтарекең күні кеше тағы бір байқатып салды. Бұл үшбу хабарды халықаралық зерттеуші журналистердің конфорциумы деп аталатын мүйізі қарағайдай қауымдастығы жеткізді (Игілік, 2013). Бірінші текстте *кәззап молда* деп қолданылған сөз тіркесінің мағынасы өтірікші, алдамшы деген мағынада жұмсалып тұрғандығын контекстіне қарап та білуге болады. Құйрығын ұстатпай кету – алдап кетумен бірдей, екеуі мағыналас тіркестер. Екінші сөйлемдегі *кәззаптықтың құжырасына бару* сұрқиялықтың мекеніне бару немесе сұрқиялық жасау деген мағынада жұмсалып мекен пысықтаушылық қызметте жұмсалып тұр.

Қара нөпір – көне. Көп қол, әскер, қауым. «Бабалар сөзінің» 28-томында:

Екінші ат көрінеді қылаң болып,
Бексейіттен айқай шықты ұран болып.
Ел қаптап ат көрсетпей *қара нөпір*,

Шаң қаптап қара түнек тұман болып (Майқы би) – деген өлең жолдарында кездесе, Шабданұлы шығармасында: Малының молдығынан болса керек, меркіт ауылдары жайылса, алыс-алыс қоныстанған екен. Жақынырақ бір ауылдың маңынан ер-тоқымды *қара нөпір* көп ат көрінді. Тегі Зуқа мен оның «артындағы пәлесіне» қарсы сайлап қойған «қазасы» болса керек (Шабданұлы, 2004: 92). Болатовтың мақаласында: Сол Сарықасқаны иесі аттың жанын қинамайын деп додаға салмайды. Көкпарды шеттен аңдиды. *Қара нөпір* тартыстан көкпарды біреу алып шықса, Сарықасқа құлағын жымита қуып, иесін сол шабандозға ілезде жеткізеді. Содан кейін Сарықасқаға ат жетуі екіталай... (Болатов, 2017). Әуезовтың шығармасында: Көліктің жоқтығы, ит жаяулық анау қара нөпір боп, айбар шегіп жай бастырып келе жатқан ат көлікті, аспапты дұшпан алдында бұлардың ажарын жауынгер ажар ете алмай тұр (Әуезов, 1989: 75). «Бабалар сөзі» мен жоғарыдағы жазушылардың тілдік қолданысында кездесетін *қара нөпір* сөзі қалың әскер мағынасында жұмсалып тұр. «Қара» деген сөздің өзі қазақи танымда көп деген мағына береді. «Нөпір» сөзі қалың деген мағына береді. *Қара нөпір* болып тіркесіп келуі арқылы көптік семантикасын білдіріп, сөйлемде сын есімдік қызмет атқарып тұр. Бұдан бөлек *қалың нөпір* сөз тіркесі көркем әдеби тілде де көп қолданылады.

Көні жібімей кендірі кесілген – кедей. М. Қашқаридің «Түрік сөздігінің» 3-томында «көні» сөзі беріліп мағынасы түсіндірілген (Қашқари, 2017: 292). «Бабалар сөзінің» 31-томында мына өлең жолдарында:

Дән теріп жеп екеуі
Көп жолдарды кешіпті.
Жеген дәні таңдайға
Тым-ақ татып кетіпті.
Көні кепкен байғұстар

Бас көтермей жесіпті (Арық мерген) – *көні кепкен* деген тіркес қолданылады. Ал

Шабданұлы шығармасында: Бауырсақ, ірімшік-құрт, қант, сарымаймен толған, «айналасы ат шаптырым» дейтіндей мол дастарханға Зуканың көзі енді түсті. Бірнеше қой сатылып жатқанда сегіз қанат үй ортасына үйген маядай мына мөлшерсіз молдықты тағы да «асқақтық», «байлығымен көзге ұру» деп сезінді. *Көні жібімей* кендірі кесілген ителі бір тойып қал, түн бойы құйрығыңды жерден алма! – дегенің ғой. «Осы дастарханыңды тақырласам, осы дауда өзінді тақыр жерге отырғызғаным» (Шабданұлы, 2004: 90). Бұндағы *көні жібімеу* – шөлі қанбаған, тамаққа тоймаған деген мағынада болса, *кендірі кесілу* – аштықтан әл-дәрмені қалмау деген мағынада тұр. Ал осы екі тіркестің қосылып келуі нәтижесінде шөлі қанбаған, тамаққа тоймаған, құр сұлдері қалған кедей деген мағына шығып тұр. Басқа жазушылардың шығармаларына зерттеу жасағанда *көні жібіді*, *көні кепті*, *көнің кепкір* деген сөз тіркестерінің де бар екендігін байқадық. Ал екі тіркестің қосылып бір мағынада жұмсалғанын тек Шабданұлы шығармасынан көрдік. Сондықтан бұл тіркесті *авторлық қолданыс* деп санаймыз.

Бұйығып ұйқылы-ояу жатқандай. Бұйық етістігінің қимыл атауы. Қойнына тығылу, маужырау. «Бабалар сөзінің» 3-томында:

Жата берді Құлқаныс,
Бір Құдайға сиынып,
Мойнына салып бұршақты
Қойнына жасы құйылып.
Бір мезгілде ғаріптің,
Ұйқысы келді *бұйығып*,

Көзі ілініп кетеді.
Бұзылған көңілі тыйылып,
Нәрікбай жатыр өкпелеп,

Жақтырмай мойынын жиырып (Құлқаныс – Зеберше) – деген өлең жолдарында *бұйығып* сөзі кездеседі.

Шабданұлы шығармасында: Күнбатыс жаққа қиыс жоғары өре жайылып бара жатқан қойдан басқа қыбыр жоқ. Бұдыр-бұйратты сары дала күздің қайғылы салқын шуағымен *бұйығып ұйқылы-ояу жатқандай*. Тым-тырыс, бадырайған күн ғана еңкейе қарап, сұмдана шегініп барады (Шабданұлы, 2004: 124). Бұнда қойлар күздің салқын күнінде, күннің қойнына тығылып жатқан сәтін ерекше теңеумен, тамаша суреттеген. Әмірқан – бұйығы, момақан жігіт (Аймауытов, 2013: 134). Бұндағы бұйығы сөзі адамның мінезін көрсетеді. Бұйығы мінезді адам деп өте ұяң, тұйық, қой аузынан шөп алмайтын адамды айтады. Бұдан бөлек «бұйығып отыру», «бұйыққан бұршік» сияқты тіркестер де кездеседі. Публицистикалық стильде: «Астана қаласында Кенесары ханға ескерткіш қойылды. Республика, облыс, аудан орталықтарында ұлт қолбасшысының атымен аталатын көшелер бар. Қарсыласымен күші тең болмай, ақыл-айласы кем болмай қапыда қайғылы қаза тапқан, ұйқыдағы *бұйығы елдің* намысын оятқан, қазақ халқының сын сәттерде елдігін білдірген ірі тұлға, білікті қолбасшы Кенесары Қасымұлының есімі Тәуелсіздіктің жаршысы ретінде Мәңгілік Қазақ елінің жадынан өшпеуі тиіс» – деген мәтінді Жомарт Игманның «Бұйығы елдің намысын оятқан...» деген тақырыптағы мақаласынан таптық (ҚТҰК). Бұндағы бұйығы сөзі ұйқыдағы деген мағынада жұмсалып тұр. Демек бұйық етістігі жоғарыда көрсетілгендей тілде дербес лексикалық бірлік ретінде кездеспейтін, бірақ түбірі сақталған жаңғырған сөз деп айтуымызға әбден болады.

Кеспелтек – қысқа етіп араланған ағаш. «Бабалар сөзінің» 96-томында:

Мен не болса да мұны сынайын деп, отты сөндіріп, бір *кеспелтекті* жатқан кісі қылып, оған киімімді жауып, ұйықтаған кісі қылып, өзім анадай жерде жасырынып, бүркеніп даярланып, «бес қаруымды» даярлап жаттым. Бір кезде тышқан аңдыған мысықша жер бауырлап, шөптің сыбдырын шығармай келіп: «Е батыр, жатырмысың», – дегендей, бүркеуде жатқан сексеуілді бас салып, сырылдата бастағанда, нысанаға алып басып қалып едім: «Ер екенсің, ер алдай ма екен, ер болсаң, тағы ат, бір оғыңа өле қойман», – деді (Қу жарғақ сарбастың екінші әңгімесі). Мәтінде *кеспелтек* «қысқа етіп араланған ағаш» мағынасында қолданылып тұр. Ал Шабданұлы шығармасында:

– Сәлеметпісің, Сақыш? Ауру-сырқаудан аман жеттің бе?.. Отырыңдар, балалар,

отырындар, түз панасы ғой, мен мұнда отыра салайын! – деп босағадағы бір *кеспелтекке* өзі отыра қалып, басқаларын орнықтыра сөйледі. – Көріп пе едің, Сақыш, мен аға десен аға, әке десен әкемін, Зуқамын... (Шабданұлы, 2004: 146). Бұл сөйлемде де “қысқа етіп араланған ағаш” мағынасында қолданылып тұр. Демек, *кеспелтек* сөзі бұрында бар, қазіргі кезде жаңғырған сөз болып табылады.

Бейпіл ауыз – тілінде тиек жоқ, аузына келгенін айтатын, былапыт сөйлейтін адам. «Бабалар сөзінің» 96-томында: Бұрынғы Атбасар уезі территориясында Қарсақбай аймағындағы қалың Найман ішінде Қоқан әулетінде Құдай менде дейтін ғани адам болыпты. Мол дәулетке мастанып, дандайсыған ол аузына келгенін айтып, лепіріп соға береді екен. Оның бейпіл ауыздығы өз еліне ғана емес, сыртқы елдерге де әшкере болыпты. Бірде, кешкі мезгілде Құдайменде өз ауылының сыртында тұрады. Ат-тұрманы, киімі көркем төрт-бес бейтаныс адам келіп, байға сәлемдеседі, қонуға рұқсат сұрайды.

– Күн кешейді, қонғыларың келсе, қонындар. Жейтін боғың, ішетін сідігің даяр, – дейді *бейпіл ауыз* бай (Ордабай мен молда) – мәтінде *бейпіл ауыз* сөз тіркесі кездеседі.

Шабданұлы шығармасында: Сақыштың Нәзипадан кейінгі іштей ең жақын көретіні, осы жас «молдасы» болды. Молдасының намаз дұғаларын үйретіп, намазға жығуын, имам болуын жақсы көрді. Өйтетіні «құдай алдындағы» ондай істе қалжың болмайды ғой. Қу келіншектердің өзара, иә, молдасымен қағысқан болып, өзін іле қосақтап әкететін *бейпіл ауыздары*, сүре жаттаудан көп аса қоймай, құлағы тынышталып қалды (Шабданұлы, 2004: 182). Бұл мәтінде *бейпіл ауыз* жоғарыда берілген мағынасымен бірдей келіп тұр.

Бұдан бөлек Ғ. Мүсірепов шығармасында: Еменалының балалары есерсоқ, *бейпіл ауыздау* ғой, барлық бәле солардан-ақ басталған шығар (Мүсірепов, 2003: 211). Мәтіннен бұл тіркесті *бейпіл ауыздан* бөлек *бейпіл ауыздау* деп те қолдануға болатындығын байқаймыз.

Аруағы аспандау – бағы ашылу, жолы болу. «Бабалар сөзінің» 6-томында:

Бесінде мектеп оқыған,
Алтысында ақыл тоқыған.
Жетісіне шыққанда,
Жетпіс пірден сөз сұрап,
Құдықтай көзін шоқыған.
Сегізіне келгенде,
Сүйіндікке бас болған,
Аққан селдей толқыған.
Тоғызына келгенде,
Туған айдай балқыған.
Енді онға шыққанда,
Дәулеті көлдей шалқыған.
Он біріне шыққанда,

Аруағы асты халқынан (Қисса Жәмшид). Бұл өлең жолдарында *аруағы асты* сөз тіркесі кездеседі.

Шабданұлы шығармасында: «Алтай хандығына» уәзір болу оңай мәнсап па. Бейсі лауазымын алған соң Мәмидың аруағы тіпті аспандап, айбатынан арыстан бұғатындай болып еді. Бұрыннан иқуатты да, салауатты Мәми момын ғана қораш Әлен уанның бар міндетін, бар ауырын бір-ақ көтеріп, осы автономиялы князьдық аймақтың ең жоғары билеушісіне айналған. Алтайдан Мәми бейсінің кесімін бұзатын қара түгіл төре де жоқ есептеліп қалған болатын (Шабданұлы, 2004: 279).

Халқымызда: *аруақты кісі, аруағын жоқтады, аруағын таптады, аруағы қолдады, аруағына тәу етті, аруаққа табынды, аруағын сыйла, аруағы жебеді, аруаққа сыйынды, аруақ қонды, аруақтар медет берді, аруақтар жәрдем етті, аруағы риза болды;* тыйымдардан: *аруағына тіл тигізбе;* қарғыс айтқанда: *аруағы атсын* деген сөз тіркестері де кездеседі.

Сонымен қатар Қадыр Мырзалиевтің «Қираған құлпытастар» атты өлеңінде:

Құлпытасқа қол көтеру қарағым,
Аруақтарға дүре соғу емес пе? – деген тіркес кездеседі.

Мұқағали Мақатаевтың «Масақ» өлеңінде:

Атамзаман атанып *аруақ қонған* деп келетін сөз тіркесі көрініс табады. Бұндағы *аруақ* сөзі жан денеден бөлек өмір сүреді деген көне ұғымнан туған діни наным бойынша өлген кісінің тіршіліктегі адамдарды желеп-жебеп жүретін рухы (*аруағы*). Халқымыз көзі тірісінде еліне қызмет еткен, қадірлі адамдарды қасиет тұтып, киелі санап, *аруағына* сыйынған. Шығармадағы *аруағы аспандау* деген сөздің мәнісіне көз жүгіртсек, «*аруақтар қолдап бағы жанды*», «*жолы болды*» деген мағынада жұмсалса керек.

Тақымына қыл бұрау салды – көне замандағы қылмыскерлерді азаптаудың бір жолы, жазаның бір түрі. «Бабалар сөзінің» 93-томында:

Атаңа нәлет, су пері,
 Сумаңдаған қу пері,
 Қол-аяқты улаған
 Тиген жері у, пері!
 Жаның барда кет, пері,
 Жер түбіне жет, пері!
 Жындарым қаптап келеді,
 Көрсетейін тепкіні!
 Басыма шауып, сен жауыз,
 Түбіме кеп пе ең жеткелі?
 Жетпек болсаң түбіме,
 Жеті бүзірік, қырық шылтен,
 Ерлерден медет сұрайын!
 Көрде жатқан әкемнің
 Қу басымен ұрайын!
 Жаныңды қылдай қылайын,
Қыл бұраумен бұрайын!
 Сақалыңды бір талдап,

Шыңғыртып тұрып жұлайын (Магиялық фольклор). Бұл өлең жолдарында *қыл бұраумен* деген сөз тіркесі кездеседі.

Қ. Шабданұлы шығармасында: – «Пәленінді» деп неңді саптап тұрсың, айт соныңды! – деп ақырысты да тағы да байлап, *тақымына қыл бұрау салды*. «Пәленнің» немене екендігін өз ұйғарулары бойынша мойындатпақ болып қинады. «Жауаптың ішкі мәні, тегін түсінетін би едіңіз ғой бірдеме деңіз мыналарыңызға!» – дегендей Мәмиге қарай берді Төлегетай (Шабданұлы, 2004: 279). Тақым деген тізенің астыңғы ішкі жағы. Бұрау салу деген жылқының қылынан ескен арқанмен қатты буып тастау. Сонда *тақымына бұрау салу* деген тізенің астыңғы ішкі жағын, қыл арқанмен буу. Шығармада автор аталған тіркесті пайдалану арқылы сол замандағы қолында құқығы бар, Мәми бидің Зуканың бас сардары болған Төлегетайға қолданған жазаның түрін айтып тұр.

Құрғақ тіл емізу – жалған уәде. «Бабалар сөзінің» 99-томында:

Тартайын деп домбыра алдым қолға,
 Жаралмаған шығармын сіздің сорға.
 Білгенімше барымды мен сөйлейін,

Тіл емізіп қайтармас мені жолға (Өн-өлеңдер). Бұл өлең жолдарында *тіл емізу* тіркесін көреміз. Бұнда жалған уәде мағынасында қолданылады.

Ал Шабданұлы шығармасында: Санақшы мен жидашыларын өздері шығарып тексеріп, анықтап жиюларын өтініп едік, – деді үлкен шалы. – Олар бізге *құрғақ тіл емізіп* қайтарды (Шабданұлы, 2004: 283). Қазіргі кезде ауызекі сөйлеу стилінде бұндай тіркестер көп қолданылмайды. Тек көркем шығармаларда метафоралық қолданыстарда кездеседі. Көркем шығармада бір жағдайды немесе құбылысты метафора арқылы жеткізу, жағымсыз істің бейнесін сомдауда таптырмайтын құрал есептеледі. Бұнда жазушы осы метафораны санақшы мен жидашылардың рухани кем-кетіктерін сынаудың қуатты поэтикалық құралына айналдырған.

Шабданұлы өз шығармаларында ескірген сөздерді көп қолданады. «Бабалар сөзі» мен

жазушы шығармасындағы ескірген сөздер мағынасын салыстырып қарасақ екеуі бірдей. Демек, Қажықұмар Шабданұлы халықтың тіл байлығында бар сөздерді дұрыс тұрпатымен пайдаланып, сол қордан алынған сөздерден жаңа теңеулер жасап, тілге шебер ақтарған. Шағын мәтіндердегі жеке эпизодтарды сипаттау барысында ескірген элементтерді енгізу шығарманың стильдік бояуын арттырады. Демек романдағы ескі кітаби сөздердің көркемдік қызметі – өткен заманды суреттеуде контраст жасау үшін алынған деп тұжырымдаймыз. Қ. Шабданұлы шығармасында ескі кітаби сөздерді пайдалануының мынадай артықшылықтары бары анықталды: 1) ғасырлар қойнауында тұнып тұрған сырларды, мәдениетіміз бен тарихымызға қатысты аса құнды ақпараттарды жеткізді; 2) өткен дәуірді бейнелейтін фактілерді сипаттайтын қасиеті болғандықтан, сол замандағы халықтың бейнесін суреттеуде көнерген сөздердің қанық бояуын айқын таныта білген; 3) көркем шығармада реалистік астар жасауда қолданған. Осылайша шығарманы талдау барысында Қ. Шабданұлы қазақ танымына тән рухани және материалдық лексиканы еркін пайдаланғанына көзіміз жетті.

Қорытынды

Қортындылай келгенде, «Пана» романының тілі тарихи, XIX ғасырдағы әдеби тілге негізделген. Ескі кітаби сөздер әрқашан сол дәуірдің куәсі ретінде өмір сүреді. Ол тілдің даму, қалыптасу жүйесі туралы ең нанымды мәлімет бере алатын құнды деректердің қатарына жатады (Әбілқасымов, Сейітбекова, 2011: 12). Шабданұлы шығармасында кездесетін ескі кітаби сөздер, сол заманды тілмен бейнелеп, оқырманның тарих қойнауына сүңгуіне мүмкіндік берген. Сонымен қатар қазақ лексикасында көнерген, ұмыт болған сөздерді Шабданұлы шығармасында пайдалануы, халқымыздың басынан кешкен сол көне дәуірлерге қатысты мәдениеті мен тілі жөніндегі құнды ақпараттарды береді. Түрлі себептермен ескіріп, пассив лексика қатарына көшкен сөздер, көбінесе бабалар сөзі мен ескерткіштердегі сөздер. Ал сол сөздердің аталған шығармада жаңғыруы сөздік қордың көбеюіне септігін тигізеді. Сонымен, фактілік материалды талдау нәтижесінде анықталғандай, жазушы Қажықұмар Шабданұлының шығармаларында ұлтымыздың арғы тектері мен дүниетанымының қалыптасуында ерекше рөл атқарған ескі кітаби сөздердің болуы қаламгердің тілі бай, құнарлы екендігін білдіреді. Жазушы сомдаған көркем образдар сол ортаның, сол дәуірдің тілімен ғана сөйлейді. Арыдан келе жатқан халық тілінің асыл қазынасын ұтымды пайдаланады. Шығарма Зуқа батыр заманындағы халық өмірін, ішкі-сыртқы құбылысын, әдет-ғұрпын, тағы басқаларын суреткердің мінсіз тілімен, оның ішінде ескі кітаби сөздерді орынды пайдалануымен құнды. Шығармада діни атауларға байланысты историзмдер, әкімшілік басқарумен байланысты туған историзмдер, салт-сана мен әдет-ғұрыпқа қатысты архаизмдер, киім-кешек, ыдыс-аяқ атауларына қатысты, ай аттарына қатысты, үй тұрмысына, әртүрлі ұғымға қатысты архаизмдер және жалпы түрік тілдеріне тән архаизмдер көптеп кездеседі.

Мақала ЖТН BR20280984 «Қазақ тілінің жаңғыру әлеуеті: жаңартпалар, үрдістер мен үдерістер» атты іргелі ғылыми зерттеу аясында жарияланды.

Әдебиеттер

- Аймауытов Ж. (2013) Алты томдық шығармалар жинағы. Повесть пен әңгімелер, аудармалар. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Т. 3. – 384 б.
- Әбілқасымов Б. (1982) XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 224 б.
- Әбілқасымов Б., А.Сейтбекова А. (2011) Қазақ тілі тарихына қатысты түркологиялық ізденістер. Ғылыми танымдық зерттеу. – Алматы: Арыс, 2011. – 212 б.
- Әуезов М. (1989) «Абай жолы» роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 1989. – 3 т. – 418 б.
- Бабалар сөзі: Жүз томдық (2005) – Астана: Фолиант, 2005. – Т. 46: Ғашықтық дастандар. – 434 б.
- Белюсова А.С. (1990) Устаревшие слова // Лингвистический энциклопедический словарь. – Москва: Наука, 1990.
- Болатов Н. (2017) Иесін аза тұтқан ат. 26 апр 2017. https://vk.com/wall-75554122_437137
- Жұмақасва Б.Д. (2019) Көркем шығармадағы көнерген сөздердің көркемдік қызметі // С. Демирел университетінің хабаршысы. – №3. – 2019.
- Игілік Р. (2013) Кәнігі кәззап. 6 сәуір 2013. <https://egemen.kz/article/20354-kanigi-kazzap>
- Қашқари М. (2017) Түрік сөздігі. – Алматы: Арда+7, 2017. – Т. 3: – 600 б.

- КТҮК (Қазақ тілінің ұлттық корпусы). <https://qazcorpus.kz/>
- Мамырбекова Г. М. (2010) Ескі қазақ жазба тілі туралы түсінік // Түркология. – 2010. – №. 3-4. – Б. 16-22.
- Мамырбекова Г. М. (2022) Ескі кітаби сөздердің вариантылығы және оларды орфографиялық сөздікке енгізу мәселелері // Tiltanym. – 2022. – №. 4. – Б. 79-85.
- Манкеева Ж. А. (1997) Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
- Мәшһүр-Жүсіп шығармалары (2003) – Павлодар: ЭКО, 2003. – Т. 1. – 247 б.
- Мүсірепов Ғ. (2003) Ұлпан. – Алматы: Атамұра, 2003. – 256 б.
- Сыздық Р. (2004) Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 2004. – 288 б.
- Сыздық Р. (2009) Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
- Хамитова Е. (2016) Қазақ тіліндегі этномәдени тарих пен тілдік процестердің «ақпарат көзі» көнерген сөздер хақында. – Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi 4.8 (2016). – 206-218-бб.
- Шабданұлы Қ. (2004) Пана. – Алматы: Көркем, 2004. – 536 б.

References

- Abilqasymov B. (1982) XIX g. ekinshi zhartysyndagy qazaq adebi tili. – Almaty: Gylym, 1982. – 224 b. [Abilqasymov B. (1982) Kazakh literary language in the second half of the 19th century. – Almaty: Gylym, 1980. – 224 p.] (in Kazakh)
- Abilqasymov B., Seitbekova A. (2011) Qazaq tili tarihyna qatysty turkologijalyq izdenister. Gylymi-tanymdyq zertteu. – Almaty: Arys, 2011. – 212 b. [Abilqasymov B., Seitbekova A. (2011) Turkological research related to the history of the Kazakh language. Scientific Cognitive Research. – Almaty: Arys, 2011. – 212 p.] (in Kazakh)
- Aimauytov Zhusipbek alty tomdyq shygarmalar zhinagy (2013) – Almaty: El-shezhire. – 2013. – Т. 3.– 384 b. [Aimauytov Zhusipbek six-volume collection of works. – Almaty: El-shezhire, 2013. – V. 3: – 384 p.] (in Kazakh)
- Auezov M. (1989) Abai zholy. – Almaty: Zhazushy, 1989. – Т. 3. – 418 b. [Auezov M. (1989) Abai zholy. – Almaty: Zhazushy, 1989. – V. 3. – 418 p.] (in Kazakh)
- Babalar sozi: Zhuz tomdyq (2005) – Astana: Foliant, 2005. – Т. 46: Gashyqtyq dastandar. – 434 p. [Words of ancestors: One hundred volumes. – Astana: Foliant, 2005. – V. 46: Love epics. – 434 p.] (in Kazakh)
- Belousova A.S. (1990) Ustarevshie slova. – Lingvisticheskij, jenciklopedicheskij slovar. – Moskva: Nauka, 1990. [Belousova A.S. (1990) Outdated words. – Linguistic, encyclopedic dictionary. – Moscow: Nauka, 1990] (in Russian)
- Bolatov N. (2017) Iesin aza tutqan at. 26 sauir 2017. https://vk.com/wall-75554122_437137 [Bolotov N. (2017) A horse that mourns the owner. 26 april 2017. https://vk.com/wall-75554122_437137] (in Kazakh)
- Hamitova Elmira (2016) "Qazaq tilindegi etnomadeni tarih pen tildik procesterding «aqqarat kozi» – konergen sozder haqynda" Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi 4.8 (2016). – 206-218-bb. [Khamitova E. (2016) About the "source of information" of ethno-cultural history and language processes in the Kazakh language – familiar words. Eurasian Journal of International Studies 4.8 (2016). – P. 206-218. (in Kazakh)
- Igilik R. (2013) Kanigi kazzap. 6 sauir 2013. <https://egemen.kz/article/20354-kanigi-kazzap> [Igilik R. (2013) real sorcery. 6 april 2013. <https://egemen.kz/article/20354-kanigi-kazzap>] (in Kazakh)
- Mamyrbekova G. M. (2010) Eski qazaq zhazba tili turaly tusinik. – Turkologija. – 2010. – №. 3-4. – Б. 16-22 [Mamyrbekova G. M. (2010) The concept of the old Kazakh written language. – Turkology. – 2010. – №. 3-4. – P. 16-22] (in Kazakh)
- Mamyrbekova G. M. (2022) Eski kitabi sozderding varianttylygy zhane olardy orfografijalyq sozdikke engizu maseleleri. – Tiltanym. – 2022. – №. 4. – S. 79-85 [Mamyrbekova G. M. (2022) Problems of variability of Old Book words and their inclusion in the spelling dictionary. – Tiltanym. – 2022. – №. 4. – P. 79-85]. (in Kazakh)
- Mankeeva Zh. (1997) Madeni leksikanyng ulttyq sipaty. – Almaty: Gylym, 1997. – 272 b. [Mankeyeva Zh. (1997) National character of cultural vocabulary. – Almaty: Gylym, 1997. – 272 p.] (in Kazakh)
- Mashhur-Zhusip shygarmalary (2003) – Pavlodar: EKO, 2003. – Т. 1. – 247 b. [Works of mashhur-Zhusip. – Pavlodar: EKO, 2003. V. 1. – 247 p.] (in Kazakh)
- Musirepov G. (2003) Ulpan. – Almaty: Atamura, 2003. – 256 b. [Musirepov G. (2003) Ulpan. – Almaty: Atamura, 2003. – 256 p.] (in Kazakh)
- Qashqari M. (2017) Turik sozdigi. – Almaty: Arda+7, 2017. – Т. 3: – 600 b. [Qashqari M. (2017) Turkish dictionary. – Almaty: Arda+7, 2017. – V. 3: – 600 p.] (in Kazakh)
- Qazaq tilining ulttyq korpusy [National corpus of the Kazakh language. <https://qazcorpus.kz/>] (in Kazakh)
- Shabdanuly Q. (2004) Pana. – Almaty: Korkem, 2004. – 536 b. [Shabdanuly Q. (2004) Shelter. – Almaty: Korkem, 2004. – 536 p.] (in Kazakh)
- Syzdyq R. (2004) Qazaq adebi tilining tarihy. – Almaty: Arys, 2004. – 288 b. [Syzdyq R. (2004) History of the Kazakh literary language. – Almaty: Arys, 2004. – 288 p.] (in Kazakh)
- Syzdyq R. (2009) Qazaq tilindegi eskilikter men zhangalyqtar. – Almaty: Arys, 2009. – 272 b. [Syzdyq R. (2009) Old things and innovations in the Kazakh language. – Almaty: Arys, 2009. – 272 p.] (in Kazakh)
- Zhumaqayeva B.D. (2019) Korkem shygarmadagy konergen sozderding korkemdik qyzmeti. – S. Demirel atyndagy universitetting habarshysy. 2019. – B. 24. [Zhumaqayeva B.D. (2019) The artistic function of obsolete words in a work of art. – S. Demirel university bulletin. 2019. – P. 24.] (in Kazakh)

Мақаланың редакцияға түскен күні: 22.04.2024